К., ранее не судимый, признан невиновным по пунктами 1), 3), 8), 9) части 2 статьи 126 Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее – УК) и оправдан ввиду отсутствия в его действиях состава уголовного правонарушения.

У., ранее не судимый, признан невиновным по пунктам 1), 3), 8), 9) части 2 статьи 126, пункту 1) части 2 статьи 194 УК и оправдан ввиду отсутствия в его действиях состава уголовного правонарушения.

А., ранее не судимый, признан невиновным по пунктами 1), 3), 8), 9) части 2 статьи 126 УК и оправдан ввиду отсутствия в его действиях состава уголовного правонарушения.

С., ранее не судимый, признан невиновным по пунктам 1), 8) части 2 статьи 126 УК и оправдан ввиду отсутствия в его действиях состава уголовного правонарушения.

Ж., ранее не судимый, признан невиновным по пунктам 1), 3), 8) части 2 статьи 126 УК и оправдан ввиду отсутствия в его действиях состава уголовного правонарушения.

А., ранее не судимый, признан невиновным по пунктам 1), 3), 8) части 2 статьи 126 УК, части 1 статьи 104 УК и оправдан ввиду отсутствия в его действиях состава уголовного правонарушения.

Н., ранее не судимый, признан невиновным по пунктами 1), 3), 8) части 2 статьи 126 УК и оправдан ввиду отсутствия в его действиях состава уголовного правонарушения.

За оправданными признано право на реабилитацию и возмещение вреда, причиненного незаконным привлечением к уголовной ответственности.

Гражданский иск потерпевшей И. о взыскании материального ущерба и морального вреда оставлен без рассмотрения.

Судьба вещественных доказательств разрешена.

Процессуальные издержки отнесены на счет государства.

Органами досудебного расследования К., У., А., С., Ж., Э., Н. обвинялись в незаконном лишении свободы потерпевшего Ц. в группе лиц по предварительному сговору, из корыстных побуждений, К., У., А., С., А., Н. - также с применением насилия, опасного для жизни и здоровья, К., У., А. - с использованием материальной или иной зависимости потерпевшего в период времени с 18 апреля по 21 июля 2017 года в различных съемных квартирах городов Алматы и Караганды, в подсобном помещении клуба «Джем», расположенного по ул. Рыскулова, 5/2 в городе Караганда.

У. также обвинялся в вымогательстве денежных средств в группе лиц по предварительному сговору у матери Ц. - И. в размере 2 000 евро 29 мая 2017 года, когда Ц. находился в съемной квартире 12 дома № 3 по пр. Н. Абдирова в городе Караганды, из которых И. перечислила 100 евро, которыми У., К., А. распорядились по своему усмотрению.

Э. также обвинялся в причинении смерти Ц. по неосторожности 21 июля 2017 года в подсобном помещении клуба «Джем», когда обеими руками толкнул Ц. в грудь и последний, падая, ударился головой об стол и потерял сознание, а через непродолжительное время скончался.

Суд постановил оправдательный приговор по тем основаниям, что не добыто достоверных и неоспоримых доказательств о лишении свободы Ц., вымогательстве денег, насилии и причинении смерти по неосторожности, также допущены существенные нарушения уголовно-процессуального закона, повлекшие признание отдельных доказательств недопустимыми.

Постановлением судебной коллегии по уголовным делам Карагандинского областного суда от 12 октября 2020 года приговор суда оставлен без изменения.

В протесте прокурор считает состоявшиеся судебные акты необоснованными и подлежащими отмене ввиду несоответствия выводов суда, изложенных в приговоре, фактическим обстоятельствам дела и неправильного применения уголовного закона. В обоснование ходатайства прокурор указывает, что виновность оправданных подтверждается представленными органами досудебного расследования доказательствами, а именно: первоначальными показаниями К., У., А., С., Ж., Э., Н., свидетелей, экспертов, письменными материалами дела. Судом не дана оценка обстоятельствам того, что труп Ц. был обнаружен по признательным показаниям Ж. и С. Также не дана оценка показаниям И., которая была свидетелем того, как К. и А. избивали потерпевшего. Необоснованно признаны недопустимыми доказательствами отдельные процессуальные документы, поставлен под сомнение факт причинения смерти по неосторожности Ц., так как обстоятельства установлены показаниями Э., Ж., Р. Просит отменить судебные акты и направить уголовное дело на новое судебное рассмотрение в суд апелляционной инстанции. Также просит отменить частные постановления судов первой и апелляционной инстанций.

В соответствии со статьей 124 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан (далее – УПК) собранные по делу доказательства подлежат всестороннему и объективному исследованию. Исследование включает анализ полученного доказательства, его сопоставление с другими доказательствами, собирание дополнительных доказательств, проверку источников получения доказательств.

Данные требования закона о правилах исследования доказательств судами первой и апелляционной инстанций надлежащим образом не соблюдены.

Судом допущена односторонность и неполнота судебного следствия, а выводы суда по эпизодам инкриминированного К., У., А. обвинения подпунктами 1), 3), 8), 9) части 2 статьи 126 УК и Э. по части 1 статьи 104 УК не соответствуют фактическим обстоятельствам дела.

Судом установлено, что Ц. во вмененный подсудимым период дважды пересекал границу с Киргизией, дважды был привлечен к административной ответственности за распитие спиртных напитков в общественном месте, часто посещал православную церковь, что свидетельствует о его свободном передвижении, однако не представлены доказательства о сопровождении его это время кем-либо из подсудимых. Кроме того, установлено, что Ц. имел собственный ноутбук с выходом в интернет, за которым работал и связывался с матерью через «Скайп» и партнерами для получения сертификата. Данные обстоятельства свидетельствуют о том, что потерпевший имел возможность связаться с правоохранительными органами и обратиться за помощью.

Между тем К., У., А. в ходе досудебного расследования утверждали об изменении их отношений к потерпевшему после задержания О. 18 апреля 2017 года в Гонконге.

Согласно обвинительному акту именно в этот период указанные лица задались преступным умыслом, направленным на незаконное лишение свободы потерпевшего.

Из материалов дела следует, что на допросе в качестве подозреваемого К. и У. признали вину в незаконном удержании Ц. на съемных квартирах города Алматы, нанесении ему телесных повреждений. Их первоначальные показания о деталях совершенного ими деяния согласуются между собой, а также с показаниями свидетеля И. в части противоправных действий К., У. и А. по отношению к потерпевшему.

Показания К. и У. в качестве подозреваемых даны при непосредственном участии профессиональных защитников, подтверждены ими на очных ставках, при уточнении и проверке показаний на месте. Однако эти доказательства надлежащим образом не проверены, не сопоставлены с другими доказательствами, в том числе с объективно совершенными ими действиями, подтвержденными на очных ставках между ними, с А., И. и И. в части удержания и нанесения телесных повреждений

Ц., а также протоколом осмотра места происшествия съемной квартиры, где были обнаружены пластиковые трубы, признанные вещественными доказательствами.

При таких обстоятельствах суд преждевременно признал недопустимыми доказательствами показания К. и У., данные ими в качестве подозреваемых, а также показания свидетеля И. в связи с неустановлением ее личности и противоречиями в ее показаниях.

Таким образом, анализ собранных сведений обосновывает законность уголовного преследования К., У. и А., согласно подпунктам 1), 3), 8), 9) части 2 статьи 126 УК, и несостоятельность оправдательного приговора в этой части.

Ссылка в приговоре суда на часть 3 статьи 112 УПК о том, что в основу обвинения не могут быть положены и использованы в качестве доказательств показания, данные подозреваемым в ходе его предварительного допроса в качестве свидетеля, не могут также являться основанием для признания недопустимыми доказательствами протоколы допросов указанных лиц в качестве подозреваемых с участием профессиональных защитников.

В обвинительном акте подробно приведены время и способ совершения инкриминированного им уголовного правонарушения, предусмотренного частью 2 статьи 126 УК с 18 апреля 2017 года. В связи с этим выводы суда в этой части являются несостоятельными.

Вместе с тем судебная коллегия соглашается с выводами суда о том, что органом досудебного расследования сам факт насильственного лишения свободы С., Ж., Э. и Н. потерпевшего Ц. непосредственно в здании клуба «Джем» в городе Караганда не нашел своего подтверждения, так как стороной обвинения не представлены достаточные и достоверные доказательства тому.

В этой части выводы суда о том, что Ц. свободно и самостоятельно передвигался по всему зданию клуба, в том числе и при посетителях заведения, а также на кухню, без какого-либо сопровождения, при этом ни к кому из посетителей клуба и работников клуба он не обращался, соответствуют фактическим обстоятельствам дела, и опровергают доводы протеста о виновности указанных лиц в совершении преступления, предусмотренного подпунктами 1), 3), 8) части 2 статьи 126 УК.

По факту вымогательства денежных средств У. - суду также не представлены доказательства совершения им преступления, предусмотренного статьей 194 УК. У. вину в этой части не признал и показал, что Ц. сам посредством «Skype» связался со своей матерью И., у которой попросил деньги для дальнейшего проживания. У. никаких денежных средств не получал, у И. не требовал, а лишь сообщил, что её сыну Ц. нужны денежные средства и озвучил сумму фактически понесенных им расходов.

В этой связи выводы суда, изложенные в приговоре о невинности У. по эпизоду вымогательства, основаны на исследованных в ходе судебного разбирательства доказательствах и соответствуют им, вследствие чего с доводами протеста в этой части судебная коллегия согласиться не может.

Касательно обвинения Э. в причинении смерти Ц. по неосторожности, то материалами дела достоверно подтвержден факт нанесения телесных повреждений, повлекших смерть потерпевшего. Данное обстоятельство в ходе досудебного расследования и в суде не отрицал сам Э. Показаниями Ж. и Р. также подтверждаются обстоятельства нанесения телесных повреждений Ц.

Факт его смерти и время наступления смерти установлены показаниями оправданных лиц и свидетелей, которые согласуются с материалами дела, подтверждены заключениями судебно-биологической и судебно-медицинских экспертиз и указывают на смерть потерпевшего непосредственно в клубе «Джем».

Как установлено экспертами, в связи с гнилостными изменениями и обгоранием трупа причину смерти потерпевшего установить не представляется возможным. Поэтому выводы суда о том, что в обвинительном акте не указано, какой частью головы, и о какую часть стола Ц. ударился при падении от толчка Э., являются несостоятельными. Поскольку это не опровергает выводы обвинения о причинении смерти потерпевшего по неосторожности.

В этой части суд, в нарушение требований части 1 статьи 125 УПК, постановил оправдательный приговор в отношении Э. без исследования и оценки всех имеющихся доказательств в их совокупности, о чем обоснованно изложено в протесте.

Указанное нарушение не было учтено судебной коллегией по уголовным делам Карагандинского областного суда.

При таких обстоятельствах судебная коллегия считает, что судебные акты, вынесенные судами первой и апелляционной инстанций, подлежат отмене в отношении К., А. и изменению в отношении У. в части оправдания по подпунктам 1), 3), 8), 9) части 2 статьи 126 УК, а также в отношении Э. по части 1 статьи 104 УК, с направлением уголовного дела в этой части на новое судебное рассмотрение в суд апелляционной инстанции.

При новом рассмотрении уголовного дела суду следует обеспечить полное, всестороннее и объективное исследование обстоятельств дела, должным образом проверить все представленные доказательства, дать им надлежащую оценку в совокупности и в зависимости от установленного, принять законное и обоснованное решение.

В связи с частичной отменой приговора подлежит отмене частное постановление суда первой инстанции. Частные постановления суда

апелляционной инстанции по существу не влияют на новое рассмотрение дела и подлежат оставлению без изменения.

На основании изложенного судебная коллегия по уголовным делам Верховного Суда отменила судебные акты местных судов в отношении К. и А.

Эти же судебные акты в отношении У. и Э. изменила, отменила в отношении У. в части оправдания по пунктами 1), 3), 8), 9) части 2 статьи 126 УК и Э. – по части 1 статьи 104 УК.

Дело в отношении К., А., У. по пунктам 1), 3), 8), 9) части 2 статьи 126 УК и Э. по части 1 статьи 104 УК направлено на новое рассмотрение апелляционной инстанции.

Оправдательный приговор и постановление апелляционной инстанции в отношении С., Ж., Н. в полном объеме, в отношении У. по пунктом 1) части 2 статьи 194 УК и Э. подпунктами 1), 3), 8) части 2 статьи 126 УК оставлены без изменения.

Частное постановление суда первой инстанции отменено.

В остальной части судебные акты оставлены без изменения.

Протест исполняющего обязанности Генерального Прокурора Республики Казахстан удовлетворен частично.



**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мамандандырылған
сот алқасының қаулыларынан үзінділер**

**Извлечения из постановлений специализированной судебной коллегии
Верховного Суда Республики Казахстан**

Әкімшілік жаза тағайындау

**Сот тиісті мән-жайларға қажетті көңіл бөлмей,
ӘҚБтК-нің 56-бабы бойынша жеңілдететін
мән-жайлар ретінде танымаған**

2020 жылғы 23 қаңтар

№ бкп-93-19

Жамбыл облысы Тараз қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының 2019 жылғы 26 қыркүйектегі қаулысымен У. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 517-бабының екінші бөлігімен кінәлі деп танылып, оған осы бап бойынша Қазақстан Республикасы шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу жазасы тағайындалған.

Р. Өзбекстан Республикасының азаматы болып, Қазақстан Республикасының аумағына келгеннен кейін уақытша тіркеуге тұрмағаны үшін әкімшілік жауапқа тартылған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынуында сот қабылдаған қаулы соттардың құқық нормаларын түсіндіруі мен қолдануында бірізділікті бұзатындығы, Р.-ға тағайындалған жазаны өзгертіп, айыппұл салу жазасына ауыстыру қажеттігі көрсетілген.

ӘҚБтК-нің 840-бабының төртінші тармағы бойынша тағайындалған әкімшілік жаза жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың сипатына, жеке басына сәйкес келмеген жағдайда сот қаулысын өзгертуге негіз болады.

Әкімшілік іс бойынша Өзбекстан Республикасының азаматы Р. 2019 жылғы 30 наурызда Қазақстан Республикасына келіп, уақытша тіркеуге тұрудан жалтарғанын 2019 жылғы 26 қыркүйекте полиция қызметкерлері анықтаған. Осы факт негізінде оған қатысты ӘҚБтК-нің 517-бабының екінші бөлігімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, сотқа қарау үшін жолданған.

Бірінші сатыдағы сот Р.-ның кінәсі сот отырысында мойындалған және зерттелген істегі дәлелдемелермен толық бекітілген деген тұжырымға келіп, әкімшілік жолмен шығарып жіберу түрінде жаза тағайындаған.

Сот жаза тағайындағанда заң талаптарын бұзып, қаулыны заң бойынша шығармаған.

Себебі ӘҚБтК-нің 55-бабы екінші және үшінші бөліктеріне сәйкес әкімшілік жаза әділ, құқық бұзушылықтың сипатына, оның жасалу мән-жайларына, құқық бұзушының жеке басына сай келуі тиіс. Жеке тұлғаға әкімшілік жаза қолдану кезінде жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың сипаты, кінәлінің жеке басы, оның ішінде оның құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы, мүліктік жағдайы, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі.

Іс материалдары бойынша Р. бұрын әкімшілік жауаптылыққа тартылмаған, өзінің кінәсін мойындап, шынайы өкінетіндігін көрсеткен. Алайда істі ауырлататын мән-жайлар анықталмаған.

Бірақ сот осы мән-жайларға қажетті көңіл бөлмей, ӘҚБтК-нің 56-бабы бойынша жеңілдететін мән-жайлар ретінде танымаған.

Сонымен қатар Р. Қазақстан Республикасының аумағында болған кезеңде Қазақстан Республикасының азаматы К.-мен неке-отбасы қатынастарын ресімдеген.

Неке қию туралы куәлікке сәйкес Р. К.-мен некесі Қазақстан Республикасында 2019 жылы 2 қазанда тіркелген.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабының бірінші тармағына сәйкес неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады.

ӘҚБтК-нің 517-бабы екінші бөлігінің санкциясымен аталған құқық бұзушылыққа қарсы 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу немесе Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберуге әкімшілік жаза қолдану көзделген.

Р.-ға көрсетілген жазалардың ішінде әкімшілік жолмен шығарып жіберу жөнінде сот қатаң жаза тағайындаған.

Сондықтан алқа Р.-ға тағайындалған жазаны өзгертіп, жаза ретінде 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әкімшілік айыппұл салуды дұрыс деп есептейді.

Сонымен қатар ӘҚБтК-нің 829-11-бабының екінші бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша әкімшілік айыппұл мөлшерінің отыз пайызынан асырмай қысқартуға болады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мамандандырылған сот алқасы Р.-ға қатысты бірінші сатыдағы соттың қаулысын өзгертті.

Р.-ға тағайындалған Қазақстан Республикасының аумағынан әкімшілік жолмен шығарып жіберу жазасының орнына 26 513 (жиырма алты мың бес жүз он үш) теңге әкімшілік айыппұл салынды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынуы қанағаттандырылды.

**Әкімшілік құқық
бұзушылықтың құрамы**

**Жергілікті соттар құқық бұзушының іс-әрекетінде
әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамы жоқ екендігін ескермеген**

2020 жылғы 6 ақпан

№ бкп-1-20

Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық сотының 2019 жылғы 18 шілдедегі қаулысымен С. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 610-бабының бірінші бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 50 500 теңге мөлшерінде айыппұл салу жазасы тағайындалған.

Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2019 жылғы 21 тамыздағы қаулысымен бірінші сатыдағы соттың қаулысы өзгеріссіз қалдырылған.

С. автокөлігін басқару кезінде жол жүрісі қағидаларын бұзып, үш бас жылқыны соғып, материалдық зиян келтіргені үшін әкімшілік жауапқа тартылған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынуында соттар қабылдаған қаулылар соттардың құқық нормаларын түсіндіруі мен қолдануында бірізділікті бұзатындығы туралы көрсетілген.

ӘҚБтК-нің 840-бабының 1-тармағы бойынша сот қаулысында жазылған істің нақты мән-жайлары туралы түйіндері зерттелген дәлелдемелерге сәйкес келмеген жағдайда сот қаулысын бұзуға негіз болады.

Әкімшілік іс бойынша 2019 жылғы 23 маусымда сағат 23:05-те С. «Тойота Королла» көлігімен И.-дың үш бас жылқысын Ақтау-Шетпе-Сайөтес тас жолында қаққаны анықталған. Осы факт негізінде оған қатысты ӘҚБтК-нің 610-бабының бірінші бөлігімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, сотқа қарау үшін жолданған.

Аталған істі қарау барысында жергілікті соттар С.-ны әкімшілік жауаптылыққа тарта отырып, Қазақстан Республикасы Жол қозғалысы ережесінің (бұдан әрі – Ереже) оныншы бөлімінің 1-тармағын бұзғанын көрсеткен.

Жүргізуші көлік құралын белгіленген шектеуден аспайтын жылдамдықпен, мұндайда жүріс үдемелілігін, көлік құралы мен жүктің ерекшелігін және жай-күйін, жүру бағытындағы көрінуге қатысты жол және метеорологиялық жағдайларды ескере отырып жүргізеді. Жылдамдық жүргізушіге Ереженің талаптарын орындау үшін көлік құралының жүрісіне тұрақты түрде бақылау жасауына мүмкіндік беруін қамтамасыз етеді.

Жүруге жүргізуші анықтай алатындай кедергі және (немесе) қауіп туған жағдайда, ол жылдамдықты тоқтатуға дейін азайтуға немесе жол

жүрісіне басқа қатысушылар үшін қауіп төндірмей, кедергіні айналып өтуге шаралар қолданады деген.

Алайда жол-көлік оқиғасының сызбасына сәйкес көлік пен жылқының соқтығысқан жері С.-ның көлік құралының қозғалысы жолағында болған. Жолдың жиегінде қандай да бір «Мал өткізу» немесе басқа да ескерту белгілері қойылмаған. Жылқылар бақылаусыз жолдың жиегінде жүргені анықталған.

«Соттардың Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің Ерекше бөлігінің нормаларын қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 6 қазандағы № 7 нормативтік қаулысының 26-тармағына сәйкес, егер жол-көлік оқиғасы кезінде мал мен үй жануарлары шығыны 1.24 «Мал өткізу» туралы ескерту жол белгілері қойылған аумақтардан тыс жерде орын алған болса, жылдамдық режимін немесе Жол жүрісі қағидаларының басқа да ережелерін бұзу болмаған жағдайда көлік құралын жүргізуші ӘҚБтК-нің 610-бабының бірінші бөлігі бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды. Мұндай жағдайларда жол-көлік оқиғасының негізгі себебі мал иесінің жануарларды бақылауға қатысты Жол жүрісі қағидаларының 24-бөлімінің 12-тармағының 1) тармақшасы бойынша өзіне жүктелетін міндеттемелерді орындамағандығы болып табылады, бұл мән-жайларға қарай ӘҚБтК-нің 615-бабының екінші бөлігі немесе 633-бабының екінші бөлігі бойынша жауаптылыққа алып келеді.

Жергілікті соттар оқиға болған жерде «Мал өткізу» жол белгісінің болмағанына баға бермеген.

С.-ның жылдамдық режимін бұзғанын растайтын дәлелдемелер (маманның/сарапшының қорытындысы және басқа) іс материалында көрсетілмеген.

Сондықтан алқа С.-ның іс-әрекетінде ӘҚБтК-нің 610-бабы бірінші бөлігінің әкімшілік құқық бұзушылық құрамы жоқ деп есептейді.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мамандандырылған сот алқасы С.-ға қатысты жергілікті сот актілерінің күшін жойды.

Әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты С.-ға қатысты Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 610-бабының бірінші бөлігі бойынша іс жүргізу тоқтатылды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынуы қанағаттандырылды.

Әкімшілік жаза тағайындау

**Құқық бұзушыға жаза тағайындағанда уәкілетті
орган мен соттар айыппұл мөлшерін дұрыс анықтамаған**

2020 жылғы 6 ақпан

№ бкз-3-20

Ақтөбе қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) «№ 35 «Балбұлақ» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (бұдан әрі – Балабақша) тексеріс жүргізген. Аталған балабақшада бала саны 190 болған, ал балабақшаның сыйымдылығы 150 орын деп көрсетілген, яғни Басқарма санитариялық нормаларға сәйкес келмейтіні туралы қорытынды жасап, 2019 жылғы 17 мамырдағы қаулымен Балабақшаның меңгерушісі М.-ны Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 425-бабының бірінші бөлігімен кінәлі деп танып, оған 230 АЕК мөлшерінде – 580 750 теңге айыппұл салған.

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының мамандырылған әкімшілік сотының 2019 жылғы 18 шілдедегі қаулысымен Басқарманың қаулысы өзгеріссіз қалдырылған.

Ақтөбе облыстық сотының 2019 жылғы 8 тамыздағы қаулысымен бірінші сатыдағы соттың қаулысы өзгеріссіз қалдырылған.

Бас Прокурор орынбасарының наразылығында М.-ның әрекетінде құқық бұзушылық құрамы жоқ, өйткені бала санының толықтығы мен артуы қала әкімдігі мен білім бөлімінің әрекетінің салдары деп көрсетіп, қаулыларды бұзу қажеттігін көрсеткен.

Алқа М. мен прокурордың наразылықты қолдаған, уәкілетті органның қаулыларды күшінде қалдыру жөнінде пікірлерін тындап, іс құжаттарын зерттеп, наразылықтың уәждерін талқылап, қаулылар өзгеріссіз қалдыруға жатады деп есептейді.

Іс құжаттарына сәйкес Ақтөбе қаласы әкімінің 2012 жылғы 22 қазандағы қаулысымен «№ 35 «Балбұлақ» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны құрылған. Балабақшаның жобалық сыйымдылығы 150 орын деп белгіленген.

Осыған байланысты Ақтөбе қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы тексеріс жүргізіп, Балабақшада бала саны 190, ал балабақшаның сыйымдылығы 150 орын деп, яғни санитариялық нормаларға сәйкес келмейтіні туралы қорытынды жасаған.

Осыған байланысты Балабақша меңгерушісі М. ӘҚБтК-нің 425-бабының бірінші бөлігімен әкімшілік жазаға тартылған.

«Мектепке дейінге ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы бойынша санитариялық қағидаларының 2 және 4-қосымшаларына сәйкес ойын бөлмесінің көлемі бөбектер мен мектепке дейінгі топтар үшін 1 балаға кемінде 2,0 м² есебінен болуы, бір топта 25-тен артық бала болмауы қажет.

Балабақшаны тексеру кезінде көрсетілген санитариялық талаптар бұзылғандығы анықталған.

Осы заң бұзушылық фактісі жөнінде наразылықта дау айтылмайды.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының (бұдан әрі – Заң) 48-бабының 1, 2, 6-тармақтарына сәйкес білім беру ұйымдарында білім алушылардың, тәрбиеленушілердің науқастануын болдырмау, денсаулығын нығайту, тән саулығын жетілдіру, салауатты өмір салтына қалыптастыру жөніндегі қажетті шаралардың орындалуы қамтамасыз етіледі, оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, санитариялық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар, оқу жоспарлары мен денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде әзірленген білім беру ұйымдары бекітетін ережелермен айқындалады. Білім беру ұйымдарында оқытудың, тәрбиелеудің, еңбек пен тынығудың салауатты және қауіпсіз жағдайларын жасау үшін жауапкершілік олардың басшыларына жүктеледі.

Сонымен бірге осындай талаптар Балабақша меңгерушісінің бекітілген лауазымдық міндеттерінде көрсетілген. М. міндеттерімен танысқан.

Яғни Балабақшаға санитариялық-эпидемиологиялық ережелерге сәйкес сыйымдылық нормасы бойынша балаларды орналастыру және қамтамасыз ету жөніндегі жауапкершілік басшыға жүктелген.

Білім бөлімі өкілінің жауаптары бойынша М. жыл сайын Балабақшаға қанша бала қабылдайтын индикативті жоспар тапсырады, 2018 жылдан бері балаларды қабылдау электронды түрде жүзеге асырылады, Білім бөлімі оған қатыспайды.

Мұндай жағдайда М.-ның ӘҚБтК-нің 425-бабының бірінші бөлігі бойынша кінәлі деп шығарылған қаулылар заңға сәйкес келеді.

ӘҚБтК-тің 30-бабына сәйкес лауазымды адам өз қызметтік міндеттерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жағдайда әкімшілік жауаптылыққа тартылады.

М. Балабақшадағы балалардың сыйымдылығы санитариялық нормаларға сәйкес келмеген жағдайда, балаларды қабылдаудан бас тартуға тиісті шаралар қабылдауды қажет еді. Бірақ іс құжаттарында осы мәселе бойынша дәлелдемелер анықталмаған.

Сондықтан прокурордың наразылығын қанағаттандыруға негіз жоқ.

Сонымен қатар жаза тағайындағанда уәкілетті орган мен соттар заңды дұрыс қолданбаған.

ӘҚБтК-нің 40-бабының үшінші бөлігіне сәйкес әкімшілік жаза құқық бұзушылық жасаған тұлғаға дене азабын келтіруді немесе адами қадір-қасиетін қорлауды мақсат тұтпайды.

Балабақша меңгерушісінің жалақысы 94 344 теңгеден аспайды, ал салынған айыппұлдың мөлшері оның жалақысынан 6 есе көп, сондықтан оған салынған айыппұлдың мөлшері отбасын асырауына зиян келтіреді. М.-ның жауапкершілігін ауырататын мән-жайлар анықталмаған.

Сондықтан алқа ӘҚБтК-нің 819-бабының екінші бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша әкімшілік айыппұл мөлшерін отыз пайыздан асырмай қысқартуға болады деп есептейді.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мамандандырылған сот алқасы М.-ға қатысты жергілікті сот актілерін өзгертіп, оған қатысты ӘҚБтК-нің 425-бабының бірінші бөлігі бойынша айыппұлды 406 525 (төрт жүз алты мың бес жүз жиырма бес) теңгеге дейін төмендетті.

Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры орынбасарының наразылығы қанағаттандырусыз қалдырылды.

**Әкімшілік құқық
бұзушылықтың құрамы**

**Сот құқық бұзушының жауаптылығын
жеңілдететін мән-жайларды дұрыс анықтамаған
және оның іс-әрекеттерінде әкімшілік құқық
бұзушылықтың құрамы жоқ екендігін ескермеген**

2020 жылғы 30 сәуір

№ бкп-14-20

Маңғыстау облысы Ақтау қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы қаулысымен А. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 517-бабының екінші бөлігімен кінәлі деп танылып, оған осы бап бойынша Қазақстан Республикасы шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу жазасы тағайындалған.

А. Өзбекстан Республикасының азаматы болып, Қазақстан Республикасына келіп, тіркеу кезінде көрсетілген мекенжайда тұрмағаны үшін жауапқа тартылған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынуында сот қабылдаған қаулы соттардың құқық нормаларын түсіндіруі мен қолдануында бірізділікті бұзатындығы көрсетілген.

Әкімшілік іс бойынша Өзбекстан Республикасының азаматы А. 2019 жылғы 10 қарашада Қазақстан Республикасына келіп, тіркеу кезінде көрсетілген мекенжайда тұрмағаны анықталған. Осы факт бойынша оған қатысты ӘҚБтК-нің 517-бабының екінші бөлігімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылған.

Бірінші сатыдағы сот А.-ның кінәсі сот отырысында мойындалған және зерттелген істегі дәлелдемелермен толық бекітілген деген тұжырымға келіп, әкімшілік жолмен шығарып жіберу түріндегі жаза тағайындаған.

Бірақ сот заңға сәйкес жазаны тағайындамағаны анықталды.

Себебі ӘҚБтК-нің 55-бабы екінші және үшінші бөліктеріне сәйкес әкімшілік жаза әділ, құқық бұзушылықтың сипатына, оның жасалу мән-жайларына, құқық бұзушының жеке басына сай келетін болуы тиіс. Жеке тұлғаға әкімшілік жаза қолдану кезінде жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың сипаты, кінәлінің жеке басы, оның ішінде оның құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінге мінез-құлқы, мүлдітік жағдайы, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі.

Іс материалдарына сәйкес А. бұрын әкімшілік жауаптылыққа тартылмаған, өзінің кінәсін мойындап, шынайы өкінетіндігін көрсеткен. А.-ның жауаптылығын ауырлататын мән-жайлар анықталмаған.

Сот осы мән-жайларды ескермей, ӘҚБтК-нің 56-бабы бойынша жеңілдететін мән-жайлар ретінде танымаған.

Сонымен қатар А. (ұлты қазақ) Қазақстан Республикасының азаматшасы М.-мен бірге тұрады, олардың баласы бар. Тірделген құжаттарға сәйкес ол Қазақстан Республикасында туған.

Сондай-ақ А.-ның құқыққа қарсы мінез-құлқын теріске шығару, бірге тұру және әкелікті тану туралы М.-ның түсіндірмесі тіркелген.

Іс бойынша сот қаулысы отбасы мен баланы қорғау қағидаттарына сәйкес келмейді. Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болуы тиіс (Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабы). Және сот тағайындаған жазалау шарасы Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы Конвенцияның 3, 5, 7-баптарында, «Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-15, 21, 25-баптарында бекітілген баланың қажетті өмір сүру деңгейіне, өз ата-аналарынан күтіп-бағу, отбасында тұру және тәрбиелену, ата-аналарымен бірге тұру құқығын бұзады.

Сот істі қараған кезде заңның жоғарыда аталған ережелерін тиісті дәрежеде ескермеген, ӘҚБтК-нің 55-бабында көзделген мән-жайларды егжей-тегжейлі анықтамаған.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 292-VI Заңы бойынша ӘҚБтК-нің 517-бабының

2-тармағына өзгерістер енгізілген. Сол өзгерістерге сәйкес тіркеу кезінде көрсетілген мекенжайда тұрмау құқық бұзушылық ретінде алып тасталған.

ӘҚБтК-нің 5-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылықты жеңілдететін немесе оның күшін жоятын не әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаның жағдайын өзге түрде жақсартатын заңның кері күші болады, яғни осы заң қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған және әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы орындалмаған құқық бұзушылыққа қолданылады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мамандандырылған сот алқасы А.-ға қатысты бірінші сатыдағы сот қаулысының күшін жойды.

Әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты А. қатысты ӘҚБтК-нің 517-бабының екінші бөлігі бойынша іс жүргізу тоқтатылды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынуы қанағаттандырылды.

Әкімшілік жауаптан босату

ӘҚБтК-нің 741-бабының бірінші бөлігінің 5) тармақшасына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімдерінің өтуі кезінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді бастауға болмайды, ал басталған іс тоқтатылуға жатады

2020 жылғы 27 тамыз

№ бкп-42-20

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің (бұдан әрі – Департамент) 2017 жылғы 6 қыркүйектегі № 494 қаулысымен П. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 207-бабының сегізінші бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 5 105 250 теңге сомасында әкімшілік айыппұл салынған.

Қызылорда қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының 2017 жылғы 22 қыркүйектегі қаулысымен аталған уәкілетті органның қаулысы өзгеріссіз қалдырылған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы ұсынуында соттардың құқық нормаларын түсіндіруде және қолдануда бірізділіктің бұзылуына байланысты кассациялық тәртіппен іс бойынша шығарылған сот актісін қайта қарауды ұсынған.

Ұсынуды қолдаған прокурор Т.-ның әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлға П.-ның пікірлерін, керісінше қанағаттандырусыз қалдыру туралы Департаменттің өкілі Б.-ның қарсылығын тыңдап, іс материалдарын зерделеп, мамандандырылған сот алқасы келесі тұжырымға келді.

ӘҚБтК-нің 840-бабы бірінші бөлігіне сәйкес сот қаулысының күшін жоюға не оны өзгертуге және қаулы шығаруға мыналар: судьяның сот қаулысында жазылған істің нақты мән-жайлары туралы түйіндерінің шағымды, прокурордың апелляциялық өтінішхатын қарау кезінде зерттелген дәлелдемелерге сәйкес келмеуі; әкімшілік жауаптылық туралы заңның дұрыс қолданылмауы; осы Кодекстің процестік нормаларының елеулі түрде бұзылуы; қаулымен қолданылған әкімшілік жазаның жасалған құқық бұзушылық сипатына, кінәлінің жеке басына немесе заңды тұлғаның мүліктік жағдайына сәйкес келмеуі негіздер болып табылады.

Осы іс бойынша мұндай негіздер бар. Әкімшілік іс құжаттарына сәйкес Департаменттің тапсырмасымен 2017 жылғы 14 сәуірде өткізілген «Шаруашылық инвентар жеткізіп беру және орнату» № 1496839-1 электронды мемлекеттік сатып алу конкурсының мемлекеттік сатып алу заңнамаларының талаптарына сәйкестігіне аудит жүргізіліп, 2017 жылғы 23 мамырда № 118 аудиторлық есеп ресімделген.

Департамент аудит барысында анықталған құқық бұзушылық фактісі бойынша ӘҚБтК-нің 207-бабының сегізінші бөлігімен комиссия мүшесі ретінде П.-ға 2017 жылғы 21 шілдеде 27 лот бойынша, барлығы 27 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаларды толтырып, 2017 жылғы 6 қыркүйектегі қаулымен әкімшілік жауаптылыққа тартқан.

ӘҚБтК-нің 62-бабының үшінші бөлігіне сәйкес қаржы саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде тұлға әкімшілік құқық бұзушылық жасалған күннен бастап үш жылдан кешіктірілмей әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатады, бірақ әкімшілік құқық бұзушылық анықталған күннен бастап екі ай өткеннен кейін әкімшілік жауаптылыққа тартылмайды.

Кассациялық сот алқасы шығарылған сот қаулыларын қайта қарау кезінде құқық бұзушының ӘҚБтК-нің 62-бабының үшінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолдану мерзімі өткеннен кейін, яғни құқық бұзушылық анықталған күннен бастап 3 ай 14 күн өткен соң әкімшілік жауаптылыққа тартылғаны анықтаған.

ӘҚБтК-нің 741-бабының бірінші бөлігінің 5) тармақшасына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімдерінің өтуі кезінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді бастауға болмайды, ал басталған іс тоқтатылуға жатады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мамандандырылған сот алқасы П.-ға қатысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің

Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің және бірінші сатыдағы сот қаулыларының күшін жойды.

Әкімшілік жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімінің өтіп кетуіне байланысты іс жүргізу тоқтатылды.

П.-ның зиянды өтеткізу құқығы танылып, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынуы қанағаттандырылды.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ
СОТЫНЫҢ БЮЛЛЕТЕНІ**
ресми басылым

БЮЛЛЕТЕНЬ
ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
официальное издание

Басуға 25.07.2021 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Қаріп түрі “Times New Roman”
Офсеттік басылым. Таралымы 1634 дана. Тапсырыс № 363.

Подписано в печать 25.07.2021 г.
Формат 60x84 1/8. Шрифт “Times New Roman”
Печать офсетная. Тираж 1634 экз. Заказ № 363.

«Big Dream» ЖШС баспаханасында басылды.
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, К.Бәйсейітова көшесі, 114/2.
Тел.: 28-99-25, 28-99-15, 37-70-74